

Пед кеңесте каралды:
№ 1 хаттама
Бұйрық № н/к
«31» тамыз 2021 жыл



Бекітілді:
№4ХОМ директоры:
Журтқанов Б.М.
«31» тамыз 2021 жыл

**«№4 Хромтау орта мектебі» КММ-нің 2021 – 2022 оқу жылына
арналған тәрбие жұмысының жоспары**

№4 Хромтау орта мектебінде 2020-2021 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысын талдау

Мектептің маңызды міндеттерінің бірі, өкілдері бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлауға ғана емес, сондай-ақ жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік қасиеттерге, патриоттық сезімге және әлеуметтік жауапкершілікке ие зияткерлік ұлтты қалыптастыру болып табылады «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына сәйкес, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65 бабының 3- тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері қабылданды.

Негізгі орта білім берудің білім алушылардың негізгі міндеттері:

- 1) рухани-адамгершілік қасиеттерін;
- 2) ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін;
- 3) өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын;
- 4) оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын;
- 5) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын;
- 6) қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Тәрбие жұмысының мәселелері Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді. Ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

6. Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың бойында:

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығын;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясының нормалары мен заңдарын құрметтеуді және сақтауды;
- 3) әлеуметтік жауапкершілікті және шешім қабылдау білігін;
- 4) мемлекеттік тілді меңгеруге ынталанды;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттілік алуан түрлілігін құрметтеуді;
- 6) рухани келісім және толеранттылық идеяларына бейімділікті;
- 7) қоршаған ортаға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң қарым-қатынасының болуын;

Бынылы оқу жылында тәрбие жұмысы Рухани жаңғырудың 8-бағытымен жұмыс жасалынууда.

1 Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2. Рухани танымдық, адамгершілік тәрбие

3. Ұлттық тәрбие

4. Отбасылық тәрбие

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6. Қоғамменетті және көркем-эстетикалық тәрбие

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Отан қоса, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнайы жобалары бар: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында: «Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы, «Аналар «Құқықтық мәдениет» арнайы жобасы, «Еңбек- елдің мұраты» арнайы жобасы, «Үнем- қоғам қуаты» арнайы жобасы, «Қоғамға қызмет» арнайы жобасы. «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» және «Бірлік» еріктілер қозғалысының жұмысы жүзеге асырылууда.

Шығармашылық, әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысу

<p>«Рухани жанғыру» бағдарламасын жүзеге асыру</p>	<p>Жобалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) «Мектептің өзін-өзі басқаруы»; 2) «Дебат» қозғалысы; 3) «Оқуға құштар мектеп»; 4) «Отбасы – мектеп»; 5) «Құқықтық сана – қауымға пана»; 6) «Дәстүр мен ғұрып»; 7) «Еңбек – елдің мұраты»; 8) «Үнем – қоғам қуаты»; 9) «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» 10) «Қоғамға қызмет»; 11) «Музей сабақтары»; 12) «Театр сабақтары» жобасы. <ul style="list-style-type: none"> - «Таза әлем», - «Сад памяти», - «Қазақтың 100 әні», - «10 күн ата – ананың жұмыс орнында» <p>Арнайы жоба «Қоғамдық құндылықтар» Ақтөбе облыстық білім басқармасы.</p>
--	--

1. Қазақстандық патриотизм, азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу бағыты. Мақсаты: Балалар мен жасстардың патриоттық сана- сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы қозқарас.

Аталған бағыт бойынша «Сыңғырла, алғашқы қоңырау!» атты І- қыркүйек күніне арналған онлайн іс- шарасы өткізілді. Оған мектеп табалдырығын аттағалы отырған І- сынып бүлдіршіндері өз өлеңдерін оқыды. Мақсаты: Өскелең ұрпақты білімге деген құштарлықтарын арттыру; конституциялық – құқықтық білімдерін қалыптастыру;

"ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 143-тармағын жүзеге асыру мақсатында мектеп тасмалдауын ұйымдастырылды. Осыған орай жол- көлік оқиғалары, жолда абай болуға, жол ережелерін сақтау мақсатында 2021 Хромтау орта мектебінде "Қауіпсіз мектеп автобусы" онкүндік өткізілді. Осыған орай жол- көлік оқиғалары, жолда абай болуға, «Анасыз!» тақырыбында оқушылар жүргізушіге хат жылдың 19.01–29.01 аралығында он күндік ұйымдастырылды. Онкүндік аясында 26.01 күні «Асықпаңыз, сіз де ата – анасыз!» тақырыбында оқушылар жүргізушіге хат жазды. Хатта, жүргізушіге де, өз замандастарына да жолда абай болуға, жан- жағына қарап жолдан өтуге кеңес береді. «Назар аударыңыз, балалар!» атты ЖЖЕ бойынша Хромтау -аудандық полиция бөлімінің көмелетке толмағандар істері жөнінде тәрбие жөніндегі инспекторлары мектептегі кезекші сынып оқушыларымен, барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, жолда жүру қауіпсіздігін сақтау жөнінде тәрбие сағаттарын өткізіп, түсіндіру жұмыстары жүргізді. «Жауу адамдардың міндеттері туралы немі білесіңдер?» тақырыбында оқушылардың жол тәртібі туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан мектеп психологы Алмағамбетова А.С. сауалнама алды. Оқушылардың 80 пайызы автокөлік қақтығысынан қалай сақтану керектігін білетіндігі анықталды. «**Жолда жүру ережесін сақтау- балалардың қауіпсіз жолдары**» онкүндігі аясында, «Жауу жүргінші жолынан өткізіңіз!» акциясына арнап, «Жүргізуші ағайға», «Абайлаңыз, жүргізуші!» тақырыптарында оқушылар көлік жүргізушілерге хат жазып, мектебімізге жол сақшылары келіп, оқушылармен тарауға ат салысты. Осы онкүндіктің аясында, «Жол әліппесі, жол белгілері» тақырыбында класс сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың жолда жүру ережелеріне мұқият болуын қадағалау. Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

«Адал ұрпақ» бағдарламасы аясында 19-23 қазан аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Надо жить честно!»; «Адал өмір сүру керек!» атты онлайн сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқау 5-6 кластар арасында өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға жемқорлықтың не екенін ұғындыру. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

01.09.2020ж мектепте 1466 оқушы оқиды. Оның ішінде аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар – 10, оның ішінде балалар- 13, көп балалы – 92, оның ішінде балалар-141, жетім балалар мен ата- ана қамқорлығынсыз қалған оқушы саны-111. Тәуекел тобында 14 оқушы бар.

Ағымдағы жылдың 30 қарашасында санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, полиция капитаны К.Мырзагелдин және ПБ қызметкері А. Айтгалка 9-10 сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен профилактикалық әңгіме өткізді.

Әңгіме барысында оқушылар мен ата-аналар ҚР ӘҚБтК-нің негізгі баптарымен танысты:

- 435 бап. Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық;

- 441-1 бап. І-Б. - автомобиль көлік құралында кәмелетке толмаған адамдар болған кезде темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, кальяна арналған темекіні, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді, электрондық тұтыну жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды тұтынуға тыйым салуды бұзу;

- 442 бап. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы.

61 апта.

Демалыс атты жедел профилактика іс шарасы өтілуіне байланысты тікелей эфир өткізілді. Хромтау ауданы жергілікті полиция қызметінің кәмелетке толмағандар істер жөніндегі аға инспекторының міндетін атқарушы Мырзагелдин Қ.Т. 2021 жылдың наурыз айының 24 мен 30 аралығында Ақтөбе облысы Полиция Департаменты Хромтау ауданы ПБ мен демалыс атты жедел профилактикалық іс шарасы өтілуде осыған орай жасы кәмелетке толмағандарға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабы яғни түнгі мезгілде заңды өкілінің жүргендігі үшін 200 бап алкоголь ішімдігін сапқандығы үшін 132 бап ойын сауық мекемелерде кәмелетке толмағандар жұмыс жасағандығы үшін жауапкершілікке тартылатындығын ескертті.

Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Муканова А. Ж. және мектеп инспекторы Узақбаев Е. С. Хромтау ауданында 11 наурыз бойынша 14 наурыз "Балалар түнгі кәдәлі" желі-алдын алу іс-шарасының өткізілуіне байланысты 9-11сынып оқушыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізді

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында "Қоғам құндылығы" тұжырымдамасына сәйкес, "Құқықтық мәдениет" арнайы жобасы бойынша мектебімізде 5-8

сыныптарға арналып "Жас азамат үшін құқық бұзушылықтың салдары" және 9-11 сыныптарға арналып "Өз құқығыңды біл, өзгенің құқығын құрметте" тақырыптарында онлайн тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылығының алдын алу, оқушыларға адамгершілік тәрбие беру және әрбір оқушыға өз құқығын және өзгенің құқығын біліп, құрметтеуге үйрету!

Хромтау аудандық жасөспірімдер ісі жөніндегі полиция бөлімімен бірігіп жасалған жоспарға сай, "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында "Қоғам құндылығы" тұжырымдамасына сәйкес, "Құқықтық мәдениет" арнайы жобасы бойынша, мектеп инспекторы полиция лейтенанты Узақбаев Е. С. 5-8 класс оқушыларымен "Жас азамат үшін құқық бұзушылықтың салдары" атты онлайн кездесу өткізді. Мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу; оқушыларға құқықтық тәрбие беру.

22 желтоқсанда санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, № 4 орта мектептің акт залында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Ж. Муканова мен мектеп инспекторы Е. С. Узақбаев 8-11 сынып оқушыларымен әңгіме өткізді.

Әңгімелесу барысында қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта көшеде ата-анасының (заңды өкілдерінің) еріп жүруінсіз болуы, мереке күндері карантиндік шараларды сақтау, сондай-ақ онлайн сабақтарға қатысу туралы тақырыптар қаралды. Іс-шараның міндеттері: Кәмелетке толмағандарды көшедегі мінез-құлқын талдауға үйрету; өз бойында адамгершілік қасиеттерін, құрдастарына адамгершілік қарым-қатынасын дамыту.

2.Рухани – танымдық, адамгершілік тәрбие: Мақсаты: Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық және этикалық және этикалық қасиеттері мен қолқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жа.тыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; «Өзін-өзі таныу» негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру .

5-6 класс оқушылары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында суретсалу байқауына белсене қатысты. Сонымен қатар, салынған балалардың жұмыстары мектеп Instagram-на салынып, лайк жинау арқылы жеңімпаздар анықталып, марапатталды. 6Б класс оқушылары Демедкин С., Салаватұлин В., Тажен Ж., Әуезхан Ғркеназ, Асқарова Анель, Мусина Аяна, Бахитжан Ғулим, Аталған оқушылар белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

28.09.-02.10.2020.5-11 кластар аралығында «Бейбітшілікке -Иә!, Терроризмге- Жок!» атты онлайн сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылар терроризмсіз, бейбітшілікке өмір сүріп жатқандарын сезіну керек. Бейбітшілік пен терроризмнің не екенін түсіндіру.

Бұл сурет көрмесі арқылы оқушылар өздерінің Терроризмсіз өмірді тандайтындарын, терроризмсіз әлемнің кереметтігін көрсетті.

3- тоқсан сыбайлас жемқорлық апталығымен басталды. Жас мамандар және Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатысуымен «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты бейнеролик түсірілді. Мақсаты: Өскекең ұрпақты адамгершілікке, ар – ұжданын сақтауға тәрбиелеу. Жемқорлықсыз Қазақстанда өмір сүруге тәрбиелеу.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында №4 ХОМ "Адал ұрпақ", "Адалдық алаңы" жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қазақ ертегілерінен таңдалырылған қойылым көрсетілді. Көріністі 26 класс оқушылары асқан шеберлікпен орындады. Ертегідегі тұлкінің озбырлығы, жергілікті басқарушылардың паракорлығы, қоянның әлсіздігі қазіргі қоғамның айнасы іспетті. Сыбайлас- жемқорлықтың алдын алу мақсатында қойылған бұл көрініс оқушыны жемқорлыққа, адамгершіліктен аттамауға тәрбиелейді.

Ауған соғысы күніне орай, мектепте онлайн линейка ұйымдастырылды. Оқушыларға ауған соғысы туралы видеороликтер көрсетілді. Сонымен қатар, оқушылардың соғыс туралы айтқан тапқақтары көрсетілді. Мақсаты: Оқушылардың бойына, соғыс ардагерлерін үдірлеуді сіңіру; Отан алдында адал борыштың не екенін түсіндіру. Қай соғыс болмасын, елді, жерді, Отанды қорғау үшін болғанын түсіндірілді. Ауған соғысы ардагерлеріне тағзым ретінде бір сәт үнсіздік жарияланды.

5.02.2021ж "Мен қайталанбас жеке тұлғамын!" атты 7-8 сынып оқушыларына арналып онлайн тағылымдық сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында жеке адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, олардың өз ойларын ашық айту дағдыларын дамыту. Әрбір оқушының бойында өзіндік "Менің" тәрбиелеу!

30- жыл ел басқарып елдің ықыласына бөленіп, елді, жерді бір тудың астында біріктіріп отырған тұңғыш президентіміз, Елбасымызға 1- желтоқсан «Тұңғыш президент» күні болып жарияланды. Осыған орай, «Еліміздің шежірелі байлығы» онкүндігі-Тұңғыш Президент күнін мерекелеу бойынша арнайы жоспар құрылып, сол жоспарға сай, онкүндік өткізілді.

1- желтоқсан тұңғыш президент күніне орай мектебімізде арнайы жоспар құрылып, сол жоспарға сай іс – шаралар атқарылды.

Осы тұрғыда 1-4 кластар «Жастарды шабыттандыратын тұлға» атты класс сағатын өткізді. Бұнда оқушылар «Бір ел, бір тағдыр» деректі фильмін көрді. Содан соң, фильмнен алған әсерлерімен бөлісті.

5-8 класс оқушылары ҚР тұңғыш президенті, Елбасының ҚР тәуелсіздігін құрудағы тарихи ролі» класс сағаттары өткізілді. Бұнда оқушылар «Болашаққа бастар жол» деректі фильмін қарады.

9-11 класс оқушылары «Нұр Сұлтан» тағдыры, бүкіл қазақстан тағдыры, Тәуелсіз Қазақстан тағдыры» атты класс сағаты өткізілді. Бұл ретте «Елдіктің бастауы» атты деректі фильмін қарады.

Аталған класс сағаттары оқушыларға Елбасының өмірбаяны, ҚР тәуелсіздігі жолында аянбай тер төккенін, 30 жыл бойы ел басқарудың оңай емес екенін түсіндіру мақсатында өткізілді.

"16- Желтоқсан Тәуелсіздік күні"кз мерекесі қарсаңында мектеп кітапханасыкз "Тәуелсіздік тәуелтер- киелі ұғым!"кз атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Кезекші сыныптарда оқитын оқушылар келіп әртүрлі кітаптар оқып, Тәуелсіздіктің бізге қалай келгені туралы тереңінен танысты.

Жоспарға сай 14- Желтоқсан күні "16- Желтоқсан Тәуелсіздік күні"кз мерекесіне арналып сынып сағаттары өткізілді.

Ел президентінің жарлығымен "Тәуелсіздікке 30 жыл" мерекесінің тойлануына байланысты жоспар құрылып, жоспарға сай, "Тәуелсіздік- тұғырым" атты өзге ұлт оқилдерінің тәуелсіздік туралы оқыған өлеңдері.

Тәрбие бағытының бірі – білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу. Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру проблемасын белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауапты тұлғаны, мәдениет адамын тәрбиелеу міндеті тұр. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және

Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас.

«Озін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде абырой мен қадір-қасиет, Отанға мінсіз қызмет көрсету және ерлік сабақтарын өткізу рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін дамыту және адамгершілікке тәрбиелеудің едәуір тиімді де мақсатқа сай құралының бірі волонтерлік болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жыл Қазақстанда «Волонтерлер жылы» болып жарияланды.

Мектепте «Қоғамға қызмет» волонтерлік әлеуметтік жобасын - «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамдарға қуаныш сыйла» акцияларын және т.б. жүзеге асыруға білім алушылар кең көлемде тартылды. Сонымен қатар, мектептер экологиялық, спорттық, мәдени, азаматтық-құқықтық волонтерлықтың өмірге енуіне бастамашы болуы тиіс. «Зейнеткерлерге, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету мақсатында «Қамқор» акциясы «Бірлік» еріктілер тобы «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қолдан тігілген көп ретті беттерде таратты. Бетпердені, мектебіміздің технология пәні мұғалімі Айтимова А.Ж. тигі берді. Бетпердені таратудың мақсаты: қоғамымызда жалғыз басты қариялар, зейнеткерлердің күнделікті бетперде алуға мүмкіншілігі бола бермейтінін ескере отырып, жақсылық жасау; «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының оқушыларының «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;

«Сіз кімге алғыс айтар едіңіз?» атты тақырыбында 1-4 кластарға сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың мақсаты: оқушыларды әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу;

«Мен алғыс айтамын...!» бейнероликтер челленджі. Бұл челленджге мектеп басшысы Журтқанов Б.М., ата- ана және оқушылар қатысты. Челлендж барысында барша қазақстандықтарды, әріптестерді, ата- аналарды алғыс айту күнімен құттықтап, отбастарына амандық, дендеріне саулық, елімізге тыныштық тіледі. 2020-2021 оқу жылында кітаптың пайдасын арттыру мен кітап оқуды қолдау мақсатында («Кітап оқу сені») оқушылар арасындағы кітап оқу сағаттары сақталады. Тиімді нұсқалардың бірі ретінде педагогтарға сабақтың басында әлеби кітапты күнделікті оқыту тәжірибеге айналдыру ұсынылды. Осыған орай,

Мектебіміздің кітапханашысы Бисенбаева Г.Д. жоспарына сәйкес, төмендегі атаулармен «Советуем, почитать» атаулы мерейтой кітаптарынан онлайн- көрме ұйымдастырды.

«Советуем почитать» кинги- юбиляры:

1. П.Ершов «Конек-Горбунук» 2-3 кл.
2. Д.Родари «Приключения Чипполино» - 4кл.
3. Л.Кэрролл «Алиса в Стране чудес»- 5-6 кл.
4. Али Шарипов «Девушка – партизан» 7-8 кл.
5. Мухтар Ауезов «Путь Абая» 9-11 кл.

«Жақсы кітап- жан азығы»жобасы аясында «Сүйікті кітабыңмен сурет» фотобайқауы ұйымдастырылды.

Аталған шаралар бойынша 2,3,4, класс оқушылары белсене қатысты.

Алғыс айту күні мерекесіне орай, мектепте арнайы жоспар құрылып, сол жоспарға сай, іс – шаралар өткізілді.

21-сәуір кітап күніне орай үздік балалар кітабына шолу жасалып, оқушылар балалар жазушыларымен біршама танысты.

Онлайн «Түлектер аптасы». Оқушылар бейнеролик түсіріп, ол Instagram паракшасына салынды.

Гәрбне жұмысының «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «1- қазан Халықаралық қарттар күні» мерекесіне орай, мектеп оқушылары қарттарға арнап, өз ата- әжелеріне арнап онлайн құттықтау ұйымдастырылды. Оқушылар құттықтау видеороликтерін жасап, оларды Instagram желісінде жариялады.

Осы атауды күнді атап отырып, біз жас ұрпақтың бойында үлкенге деген құрметті, ізеттілікті, сыпайылықты, ата- әжелерін сыйлауды, тағы да басқа адамгершілік қасиеттерін қалыптастырамыз. Бұл қасиеттердің барлығы мектеп қабырғасында және отбасында қалыптасады.

1-Қазан қарттар күні карсаңында 6 б класс оқушылары класс жетекшісі Иванцова О.И. бірге ардагер – педагог Андрияш Л. азын- аулақ азық-түлік апарып, құттықтап келді. 7а класс оқушылары класс жетекшісі Рахимберлина Г.Б. ардагер-педагог Балкүміс Азнабайқызының үйіне барып, қарттар күні мерекесімен құттықтап келді. «Елбасыға алғысымыз шексіз!» атты 5-6 класс оқушылары шығарма жазды. Шығарманың мақсаты: Оқушылардың бойына патриоттық сезімді ояту; елбасыға, елге деген құрметті, сүйіспеншілікті нығайту;

Шығарма жазуға оқушылар белсене катысып, жақсы мазмұнды жазылған Аймуханова Жазираның шығармасы болды. Ол сөзінде, елбасымыздың еңбек жолын, Отанға деген, елбасыға деген ізгі ниеттерін білдірді. 30 жылдағы атаулы күндер жөнінде сөз етті. Сөз соңында, Қазақ елінде тұрып жатқанын мақтан ететінін жазды.

07.12.2020 жылы «Қара жорға болмаса!» атты мектепшілік акциясы өткізілді.

Бұл акцияның мақсаты: ұмыт болып бара жатқан Қазақтың ұлттық биі «Қара жорға» бийін дәріптеу, оқушыларға кеңінен таныстыру, үйрету. Ең алдымен «Қара жорға» бийінің тарихымен, оны Қазақстанға ең алғаш алып келген адам жайында «Аналар мектебі» мүшесі Нурумова Гулниса Сағынтаевна таныстырып өтті.

6 «Б» – сынып оқушылары: Акказиев Ансар, Темирғалиева Алина, Унайбаева Аделина «**Қара жорға**» бийін билеп видеороликтер жіберді. Бұл видеороликтер мектептің Instagram желісінде жарияланды.

1991 жылы 16 – желтоқсанда Қазақстан Жоғары кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендігі туралы» заңды қабылдады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта Егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 – желтоқсанында аталып өтеді. Бұл күн ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі елеулі мереке болғандықтан кең көлемде аталып өтіледі. «Қазақстан мәңгілік жері- Ұлы дала елі!» Қазақстан Республикасының арналған Тәуелсіздік күнін мерекелеу онкүндігі.

14 – желтоқсан күні жоспарға сай 1-4 сынып жетекшілері сынып оқушыларына арнап «Жасампаздыққа толы жылдар», «Создание во имя людей» атты тәрбие сағаттарын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: Өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің қандай кадрлі екендігін, қымбат екендігін, Тәуелсіздіктің бізге қандай қиындықпен көпеленіп тереңінен түсіндіру.

5-8 сынып жетекшілері сынып оқушылары үшін «Нация единого будущего: единство в многообразии» атты онлайн тәрбие сағатын өткізді.

9-11 сыныптарға арнап «Мемлекеттік рәміздер – мемлекет тәуелсіздігінің атрибуттары, бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік нышандары» атты тәрбие сағатын өткізді.

30- желтоқсан мектеп тәрбие жұмысының жоспарына сай, «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында онлайн тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларға қыс мезгілінде қауіпсіздікті сақтауға үйрету; Оқыс, төтенше жағдайлардың алдын алу.

«Бақытты бала» жобасы аясында, «Қайырымдылық қысқы балы» атты бейнеролик байқаулары ұйымдастырылды. Әр класс бұл шараға белсене катысты.

Жаңа жыл карсаңында жоспарға сай, оқушыларға онлайн тапсырмалар берілген болатын. 1-2 кластарға «жаңа жыл гажайыптары» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге 1а класс оқушысы Әуесхан Ануар, Арыстанбек Таир, Қожахмет Мұхамед, Бауыржанқызы Аягөз, 1 ж класс оқушысы Осипова П., Исмагулов Н., Габжанов Г., 2 е класс оқушысы Гөрбунова В., Ыбырай А., Жалпы бұл бкөрме бойынша 1а класы белсенділік танытты.

Жаңа жыл карсаңында «Аяз ата шеберханасы» атты жаңа жылдық ойыншықтар, колөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. 2е класс оқушысы Елнұрұлы И., 2б класс оқушысы Власовских Злата., 1ж класс оқушысы Мысақ З., 3а класс оқушысы Арыстанғалиева Каракат., 0б класс Сәуірбек Аруна., Әбілхасен Жұлдыз., Санат А., Қоблан Дана., 2Д класс оқушысы Ұзақбай Қайрат.

3е топқан сыбайлас жемқорлық апталығымен басталды. Жас мамандар және Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатысуымен «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты бейнеролик түсірілді. Мақсаты: Өскелең ұрпақты адамгершілікке, ар – ұжданын сақтауға тәрбиелеу. Жемқорлықсыз Қазақстанда өмір сүруге тәрбиелеу.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында "Адалдық ардың ісі" тақырыбында кітап көрмесі өткізілді. Көрмеге, адалдық, жемқорлық туралы айтылған қазақтың өсиет - жазушыларының кітаптары қойылды. Ұйымдастырған: мектеп кітапханашысы Бисенбаева Г. Д.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында №4 ХОМ "Адал ұрпақ", "Адалдық алаңы" жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қазақ ертегілерінен таңдалындырылған қойылым көрсетілді. Көріністі 2б класс оқушылары аскан шеберлікпен орындады. Ертегідегі тұлкінің озбырлығы, жергілікті басқарушылардың

ырақорлығы, қоянның әлсіздігі қазіргі қоғамның айнасы іспетті. Сыбайлас- жемқорлықтың алдын алу мақсатында қойылған бұл көрініс оқушыны жемқорлыққа, адамгершіліктен аттамауға тәрбиелейді.

Ауған соғысы күніне орай, мектепте онлайн линейка ұйымдастырылды. Оқушыларға ауған соғысы туралы видеороликтер көрсетілді. Сонымен қатар, оқушылардың соғыс туралы айтқан тапқақтары көрсетілді. Мақсаты: Оқушылардың бойына, соғыс ардагерлерін құрметтеу, Отан алдында адал борыштың не екенін түсіндіру. Қай соғыс болмасын, елді, жерді, Отанды қорғау үшін болғанын түсіндірілді. Ауған соғысы ардагерлеріне тағзым ретінде бір сәт үнсіздік жарияланды.

8 – Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында «Family day» атты онлайн видеороликтер конкурсы ұйымдастырылды. Байқауға барлық отбасы мүшелері қатысты. Байқаудың негізгі талабы отбасылық бір тағам түрін әзірлеу. Байқауға: 5А класынан: Русланқызы Аида, Тулеуова Еркежан, Әуезхан Еркеназ, 5Ә класынан: Гүмов Санжар, Жүзбаева Айдана, Майлыбаева Жансая, 5Б класынан: Кеңес Нұрай, Қонысбаева Наргиза, Санатқызы Дильназ, Елеусизова Жанерке, 5В класынан: Нисенова Камила, Асылбек Акерке, 6А класынан: қатысты.

8- наурыз аналар мерекесіне орай, «Моя бабушка круче всех» байқауы өткізілді. Бұл байқауға 1-11 класс оқушылары қатысты. Атап айта кететін болсақ, 2е класс Шуханов Ж., 4Акласс Сәуірбек Арайлым., 0б класс Сәуірбек Аруна.,5 э класс Мұрат А., Жүзбаева А., 5а Айсә Әбілмансұр, Адылхан Іңкәр., 7А класс Бақытжан Али., 7в класс Курпебаева М., Глинская С. Бұл оқушылар өздерінің әжелерінің өнегелі ана. көрегенді әже екенін жазып, бейне ролик жасаған. Бұл да болса, үлкенге деген құрметтің белгісі болар. Әжелер туралы бейнероликтер мектептің инстаграмм желісіне салынып, лайк жинау арқылы әр әже бейнеролигіне номинация берілді.

8- наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай, арнайы жоспар құрылып, сол жоспар негізінде «Өз қолыммен ашық хат жасаймын» іс- шарасы өткізілді. Бұнда оқушылар өз қолдарымен жасаған әдемі құттықтау ашық хаттарын жасап, ұстаздарына, аналарына тарту етті. Бұл ретте, 3в, 2а, 3б класс оқушылары белсене ат салысты. 8- наурыз мерекесіне орай, мектебіміздің оқушылары ата- аналарын, ұстаздарды, оқушыларды онлайн бейне роликтер арқылы құттықтады. Құттықтаулардың барлығы инстаграм желісіне салынды.

3. Ұлттық тәрбие: Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

Ұлттық құндылықтарды дәрiптeу мақсатында 1-4 кластарда «Қазақтың ырымдары мен тиымдары» класс сағаты өткізілді. Мақсаты: Қазақтың ырым- тиым сөздерінің мәнін түсіндіру. «Ойшылдыққа, адалдыққа, батылдыққа, әдептілікке, әдемілікке, сезімталдыққа тәрбиелеу, рухани жән дүниесін дамыту)

5-8 кластарға "Салтым- санам, дәстүрім - дәулетім" тақырыбында класс сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Қазақтың салт- дәстүрлерінің басқа ұлттардың салт – дәстүрінен қандай ерекшелігімен ерекшеленетін және түрлерімен танысу.қызығушылығын арттыру;

9-11 класс оқушыларына «Салт – дәстүр – тәрбие негізі» тақырыбында класс сағаттары өткізілді. Мақсаты: Қазақ халқының едет- құрып, салт – дәстүрлері туралы оқушыларға баяндап түсіндіріп, маңызын көрсету.

4. Отбасылық тәрбие. Мақсаты: ата- аналарға білім беру, олардың психологиялық құзіреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасының "Дәстүр мен ғұрып" арнайы жобасы аясында "Ұмай» аналар мектебі" ашылған болатын 13.11.2020 ж мектебімізде "Отбасылық шеберхана" ата-аналардың шеберлік сыныбы атты онлайн шебер-класы өткізілді.

Бұл шебер-класы аналар мектебінің мүшесі Бекпенбетова Кенжеайым Досановна өткізді. Шебер-класқа қыздарға қалай оюды ою керек екендігі көрсетілді. "Рухани жаңғыру" бағдарламасының "Дәстүр мен ғұрып" арнайы жобасы аясында "Шапағат» Әкелер мектебі" ашылған болатын.

"Шапағат» Әкелер мектебі" жоспарына сәйкес, 2В класс оқушысы Исенов Жангир әкесі Ахмедов Р. И. мен бірге ағаштан балалар керуетін жасады. "Әке көрген оқ жоңар" - демекші, әкелер балаларымен осындай тәрбиелі істі бірге атқарса, талай оқты да жонары сөзсіз.

Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында, дәстүр мен ғұрып арнайы жобасы негізінде 14- наурыз «көрісу» мерекесі қарсаңында мектептің I қабатында мұражай ашылды. Мұражайдың ашылуының негізгі мақсаты ұлттық дәстүрімізді насихаттау. Көненің көзі, қазақтың тұмарына айналған, қазақтылығыздың символы болған киіз үйдің бейнесін салу мақсатында ашылды. "Дәстүр мен ғұрып" бағыты бойынша сыныптарымыз "Ұлттық киім- асыл мұра" атты класс сағаттары

онлайн форматта өткізілді.

Класс сағатының мақсаты: өскелең жастарға Қазақтың ұлттық киімдерін таныстыру, дәріптеу.

Қазақтың ұлттық мерекесі «Ұлыстың ұлы күні- Наурыз» мерекесін тойлау 14- наурыз «Көрісу» күнінен басталды. Бұл күні мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары ұлттық киім (кәжекей) киіп, бұрынғыдай төс түйістіріп көріспегенмен, бір-біріне деген ілтипатын бас иіп, қолын жүрекке қойып көрісті. Ол дегеніміз, ризашылықтың, баулаптанатын белгісі. Сонымен қатар, жаңадан ашылған мұражайға ақтан қойылып, бауырсақ, құрт, тары жарма қойылды. Мектеп ұстаздарының үлкендері ақ батасын беріп, көрісу күнінің мақсатын, тәрбиелік мәнін түсіндірді. Сонымен қоса, «Көрісу» күніне орай, жалпы класс сағаттары өткізілді.

Дәстүр мен ғұрып жобасының жоспарына сай, «Қайта оралды қазағымның бүгін дәстүрлері-ай» тақырыбы бойынша, «Көрісу» мерекесінің қайдан, қалай келгені жөнінде бейнеролик түсірілді.

Бұрын Батыс Қазақстан өлкесі ғана тойлаған, қазіргі кезде жалпыхалықтық қазақ халқының дәстүрлі мерекесіне айналған "Көрісу" мерекесі қарсаңында аналар мектебінің мүшесі, 5А класс Бекқазы Бекқұрдың әжесі Сарманова Райса Әділқызы "Амал" мерекесінің тойлануының мақсаты міндетімен таныстырып, көпке үлгі болды. Осындай, ақ жаулықты көнекөз қарияларымыз көп болса, қазағымыздың болашағы зор болмақ.

16- наурыз «Шежіре күні» «Жеті атам- қасиетім». Ұлыстың ұлы күнін тойлауға арналған "Нұр себеле - Ұлыстың ұлы күні!" атты жоспарға сай 18 - Наурыз "Шежіре күні" деп аталды.

Осыған орай мектеп оқушылары арасында "Жеті атам - Қасиетім" атты шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында, оқушыларымыздың қай- қайсысы да жеті атасын жапқа білетіндерін көрдік.

Жеті ата — қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, ағасы, бабасы, т.б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ өскелең төмен қарай жалғаса береді. Ағайындықтары Жеті атаға толмай жақын-жуықтар бір-бірінен қыз алыспайды.

«Нұр себеле – Ұлыстың ұлы күні!» атты онкүндік аясында 17 – Наурыз «Тарихқа тағзым күні!». Бұл күні мектеп оқушылары санитарлық талаптарды сақтай отырып мұражайға барды, кейбір оқушылар онлайн виртуалды мұражайларды тамашалады.

Мақсаты: Қазақстан тарихын, туған өлке тарихын оқушылардың бойына сіңіру, олардың бойында патриоттық сезімдерін ояту.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ай сайын класс сағаттары өткізіледі. Наурыз айында 1-4 класс «Ата жолы- Ақ бата» класс сағаты өткізілді. Мақсаты:

Қазақтың баға – тілектерін дәріптеу;

5-11 классы: «Қазақстанның 100 ұлттық тағамы». Мақсаты: Ғасырлар өте келе ұмытылып бара жатқан, өте сирек дайындалатын, бірақ адам ағзасына аса пайдалы ұлттық тағамдарды білім алушыларға насихаттау.

9-11 классы: «Ұлттық кол өнер – тәрбие көзі». Мақсаты: Қолөнершілердің туындыларын көпшілікке таныту. Жергілікті қолөнершілерді қолдау, шығармашылығын насихаттау.

«Дәстүр мен турып»арнайы жобасы «Әжелер сайысы»мектепшілік сайысы болып өтті.

8-Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие:

Мақсаты: *Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қозғарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тулғаның экологиялық мәдениетін дамыту, қайта-ланбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.*

Мектептегі еңбек тәрбиесі – бұл балаларды әртүрлі педагогикалық ұйымдастырылған қоғамдық пайдалы жұмыс түрлеріне тарту процесі. Ол практикалық тәжірибе, еңбек дағдылары, шығармашылық ойлау және еңбексүйгіштік қабілеттерін дамыту мақсатында болады. Білім алушылардың еңбек тәрбиесіне түрлі іс-шараларды:

қолөнер көрмесі, сыныпты тазалау, гуманитарлық көмек, қоғалдандыру және мектепті абаттандыру, қолөнершілер турнирі, қайырымдылық істер апталығы, көңілді шөберелер қаласы,

"Тәуелсіздіктің 30-жылдығы"қз қарсаңында мектебіміздің жас мамандары және "Қоғамға қызмет" еріктілер қозғалысының мүшелері берлесіп "30 Игі ісі!" акциясы аясында "Аналарға жылулық сыйла!" атты қайырымдылық жасап, суық күнде сыртта жұмыс жасайтын қала жұмысшыларына арнап ыстық шай мен бәліштер таратты!

Мақсаты: Қазіргі жасөспірімдерді қайырымдылық жасауға шақыру, өскелең ұрпақтың бойына жақсы адамгершілік қасиеттерді сіңіру, осы кішігірім жақсылық арқылы өзін-өзі дағдарған жастарға үлгі көрсету

Гүбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша. «**Накормите питомца!**» атты акциясын өткізді. Акцияның мақсаты: Қыс мезгілінде құстарға қамқорлық көрсетіп, ұя салып, тамақтандыру. Бұл акцияны мектебіміздің аға тәлімгері Ибраева Ж.А. оқушылармен бірігіп, құстарды тамақтандырды.

«**Biggemiz-Bilim**» жобасы аясында " Мен сияқты жаса, бізден жақсы жаса" 7 " Д" сынып оқушысы Ташауова Рада Жетекшісі: Айтимова А. Ж

18-наурыз- Игі істер күні

ҚР Үкіметінің ақпан айындағы Қаулысы негізінде Президент Қ. Тоқаевтың Наурызды тойлау тұжырымдамасын орындау мақсатында 18-наурыз - Игі істер күніне орай №4 Хромтау орта мектебінің "Қоғамға қызмет" еріктілер клубының мүшелері, 7 "Д" класс оқушылары "Құстарға көмектесейік" қайырымдылық акциясын өткізді.

№АқтөбеҚоғамғақызмет #30игі іс хэштегімен инстаграм желісіне салынды.

15-наурыз «Жайлау күні».

Кен-байтақ атамекенінде еркін өмір сүрген көшпелі бабаларымыз табиғатпен тығыз байланыста болды.

Табиғат – ол біздің өміріміздің кайнар көзі. Біз қоршаған ортаны аялау арқылы өмір сүру сапасын жақсартуға аламыз.

Айналымызды тазалау, тал егіп, көшет отырғызу бұл жас ұрпақ үшін тәрбие мен тәлімге толы ұлағатты іс. Ал қоршаған орта үшін тазалық қашан да бірінші орында тұрады. Бұл күні «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері мектеп ауласының қарын тазартты.

30.11 – 4.12.2020 ж «**ЭкоArt**» қайта өңделетін шикізаттардан жасалған бұйымдар көрмесі өткізілді.

Бұл көрменің мақсаты: қайта өңделетін шикізаттарды коқысқа лақтырмай, оларды пайдаға асыруға мектеп оқушыларын үйрету, қаланы коқыс қалдықтрынан босатына тазарту. Оқушыларды мектеп жасынан тазалыққа,коқыс қалдықтарын сұрыптауға тәрбиелеу.

Осыған орай бастауыш сынып оқушылары түрлі шикізаттардар бұйымдар жасады. Бұл жасалған бұйымдардың суреттерінкен мектеп инстаграм желісінде онлайн көрме ұйымдастырылды.

Балалараманы жүзеге асыруда жыл сайын "**құстарға жем бер!**". Қамқорлық жасау біздің игі ісіміз". Мектеп оқушылары және олардың ата-аналарымен құстарға арналған астауларды жасау бойынша алдын ала жұмыс жүргізді, Қыста құстарды тамақтандыру қажеттілігі туралы әңгімелер өткізді, балаларға қыстайтын құстардың суретімен суреттер көрсетілді. Ата-аналар мен балалар белсенді қатысып, тамақтандырып, тамақ дайындады, біздің мекенде қыстайтын құстарға қамқорлық көрсетті.

6.Коммәдениеттілік және көркем- эстетикалық тәрбие:

Мақсаты: *Жалпы мәдени мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту,оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жсалпылттық мәдени- білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік- эстетикалық сезім*

«Ұшқыр ой алаңы» атты дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушыларды ой толғауға, талдауға және сыни тұрғыдан ойлауға, топпен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретеді. Пікірсайыс жоғары сыныптарда интеллектуалды сайыс ретінде сабақ және сабақтан тыс шараларды өткізуге өте қолайлы. Қазіргі әлемде пікірталастар саясат, бизнес, қоғамдық қызмет, білім, психология және т.б. әр түрлі салаларда танымал бола түсуде және табылуда. Мектеп оқушыларының бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәрiптeу мақсатында «Умелые ручки», «Таңшолпан», «Ренессанс» үйірмелері іске асырылуда. Әр үйірмеде 15- 20 оқушыдан жұмыс жасауда. «Умелые ручки» үйірмесінің жетекшісі: Мартыненко Л.А., «Таңшолпан» балалар театрының жетекшісі Суйналина А.А., «Ренессанс» дебат үйірмесінің жетекшісі Байманов А.Н.

№4 Хромтау орта мектебінде" Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында "Балалар және театр" оқушылардың мәдени білім беру жалпыұлттық жобасы іске асырылуда, осыған орай мектебімізде "Балалар және театр" клубы ашылды және клуб жетекшісі Суйналина А.А оқушыларға арнап кіріспе сабақ, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Мақсаты: Ең алдымен оқушыларға театр ұғымын кеңінен ашып түсіндіру, театр тарихымен, актерлық шеберлікпен таныстыру.

№4 Хромтау орта мектебінде" Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында «Ренессанс» дебат үйірмесінің оқушылардың мәдени білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысының жобасы іске асырылуда, осыған орай мектебімізде

«Релессанс» дебат үйірмесінің дебаттық клубы ашылды және дебаттық клуб жетекшісі Байманов А.Н оқушыларға арнап кіріспе сабақ, түсіндірме жұмысын жүргізді. **Мақсаты:** Ең алдымен оқушыларға дебат ұғымын кеңінен ашып түсіндіру, дебат стратегиясымен таныстыру және олардың қызығушылығын ояту.

Ақтөбе қаласындағы Т. Ахтанов атындағы драма театрының басшысы Ибраев Олжас Қанатұлы мектебіміздің "Таңшолпан" балалар театр үйірмесінің оқушыларымен және театр жетекшісі Суйналина А. А. ЗУМ платформасы арқылы кездесті. Олжас Қанатұлы театрдағы жеткен жетістіктерімен бөлісіп, болашақ өкілдерімізге сәттілік тіледі.

Біздің қазақилығымыздың тағы бірі сөзді нақышына келтіріп, мақалдап сөйлеу. Нақыл сөздер, тұрақты сөз тіркестері. Осындай мақсатпен, мектепте **«Мақал – сөздің мәйегі»** атты 5 класс оқушыларына 3 тілде жарыс өткізілді. Жарысқа 5а, 5ә, 5б класс оқушылары белсене қатысты. Байқау:

1. «Кім жылдам?»
2. Мақалдың жалғасын тап. Мұнда жүргізуші оқыған мақалдың жалғасын оқушылар табады.
3. Суретке қарап мақал құрастыру
4. Полиглот. Сөздің аудармаларын табу.
5. Мақалдың аудармасын табу.

Бұл байқауда белсеніп алға шыққан 5ә класс оқушылары суырылып алға шықты.

7.Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. Мақсаты: Әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен өрпаңшылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Ақтөбе облыстық "Абай әлемі" байқауына мектебіміздің 11А класс оқушысы Меновщикова Карина қатысып, ІІІ дәрежелі дипломға, және құнды сыйлықтарға ие болды. Күрес жетекшісі Суиналина Асима Абулхаировна.

Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен "Тіл - асыл қазынам" тақырыбында тіл айлығы аясында өткізілген іс-шараларға белсене араласқаны үшін мектебіміздің 8б класс оқушысы Жүменов Исламбек Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің алғыс хатымен марапатталды.

Тұңғыш президент күніне және Абай Құнанбаевтың 175 жыл толуына орай, «Туған өлкеге саяхат» атты облыстық танымдық онлайн байқауының «Ақтөбе – құтты мекен» мәнерлеп оқу номинациясында 3 орынды Можайцева Анна жеңіп алды. Жетекшісі орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Иванцова О.И.

Тұңғыш президент күніне және Абай Құнанбаевтың 175 жыл толуына орай, «Туған өлкеге саяхат» атты облыстық танымдық онлайн байқауына белсене қатысқаны үшін Исмайлов Асхат мадақтамамен марапатталды.

Оқушылардың күзгі қаникул уақытын тиімді пайдалану мақсатында "Қазақстан балалары - күзгі интерактив!" жоспары жасалып, сол жоспардың Ғылыми-техникалық бағыты бойынша 11.11.2020ж "Пайдалы ойындар" атты робототехникаға байланысты 5-класс оқушыларына "Пайдалы ойындар" онлайн тренингі өткізілді. Тренингті ЗУМ платформасы арқылы информатика пәні мұғалімі Бижанова А. А. өткізді. Роботтың құрылымы, оның жасалу жолы жөнінде оқушылар қызықты ақпараттар алды.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

1 желтоқсан-Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні " СӨС " кабинетінің дәрігері Дермуханов Даулет Русланұлының ЖИТС-тың алдын алу бойынша мектеп Instagramм парақшасы арқылы тікелей эфирге шықты.

"Назерке" мектеп клубының, сондай-ақ мектеп нарқопостының қызметі шеңберінде 2020 жылғы 26 қарашада ОАА "СӨС" кабинетінің дәрігері Д.р. Дермухановпен, сондай-ақ мектеп медбикесі Г. Е. Кайеповамен Халықаралық нашақорлықпен күрес күніне арналған "зиянды әдеттер және олардың әйелдер денсаулығына әсері" тақырыбында онлайн диалог алаңы өтті.

Диалог алаңы барысында жасөспірімдерде зиянды әдеттердің қалыптасуының негізгі себептері қарастырылды, оқушылар арасында, оның ішінде қыздар арасында есірткіні пайдалану, темекі шегу, алкогольизм статистикасы келтірілді. Дермуханов д.р., Кайепова г. Е. зиянды әдеттердің әйел азжасының физиологиясына әсері туралы айтып берді.

Бұл онлайн диалог алаңына 8-10 сынып оқушылары қатысты.

